

**ТЕОРИЯЛЫҚ ЛИНГВИСТИКА
ТЕОРЕТИЧЕСКАЯ ЛИНГВИСТИКА
THEORETICAL LINGUISTICS**

Мақала/Статья/Article
FTAMP 16.21.07

<https://doi.org/10.55491/2411-6076-2024-4-12-24>

**Айгүл Байдебекқызы Әмірбекова^{1*}, Бибайша Ілиясқызы Нұрдаулетова²,
Севинж Вакифқызы Аскерова³**

^{1*}автор-корреспондент, филология ғылымдарының кандидаты,

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Қазақстан, Алматы қ.,

ORCID: 0000-0001-8540-8264 E-mail: marghan01@mail.ru

²филология ғылымдарының докторы, профессор,

Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті,

Қазақстан, Ақтау қ., ORCID: 0000-0002-6911-6509 E-mail: bibaisha.nurdauletova@yu.edu.kz

³докторант, Әзербайжан мемлекеттік мәдениет және өнер университеті, Әзербайжан, Баку қ.,

ORCID: 0009-0007-3438-1162 E-mail: pinko88@mail.ru

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ҚҰДЫҚ АТАУЛАРЫНЫҢ ЭТИМОЛОГИЯСЫ

Андатпа. Мақалада Маңғыстау облысындағы құдық атауларының лингвистикалық және мәдени мағыналары қарастырылды. Құдық атауларына тарихи және этимологиялық талдау жасау арқылы жергілікті тұрғындардың дәстүрлерін және осы құрғақ ландшафтыларды мекендеген немесе саяхаттаған адамдардың ықпалы анықталды. Мақалада тарихи зерттеулер жүргізілді. Құдық шөлдің қатал климатында өмір сүретін тұрғындар үшін де, мекендейтін жануарлар үшін де маңызды екені және көшпелі халықтың құдыққа атау берудегі рөлі айқындалды. Құдық атауының мәдени мағынасы зерттелді. Мақала географиялық атаулардың адамның ландшафтымен өзара әрекеттесуінің дәлелі ретінде қалай қызмет ететінін түсіну үшін этимологиялық зерттеу ұсына отырып, Маңғыстаудың мәдени және тілдік мұрасын сақтауға үлес қосуға болатыны дәлелденді. Мақаланың мақсаты – Маңғыстау өңіріндегі 20 құдық атауының тарихы мен мәдени мазмұнын түсіндіру. Маңғыстаудағы құдық атауларының этимологиясын зерттеуге тиімді болған әдістер: лингвистикалық талдау, тарихи зерттеулер, географиялық талдау, салыстырмалы талдау. Осы кешенді әдістерді пайдалана отырып, мақалада Маңғыстаудың лингвистикалық және географиялық мұрасы ретінде құдық топонимикасы маңызды орынға ие екені дәйектелді. Мақалада Маңғыстау өңіріндегі 20 құдық атауына этимологиялық талдау жасалды. Құдық атаулары тек топонимдік атау емес, өңірдің тарихы мен мәдениетін танытушы нысан ретінде лингвогеографиялық бірлік деп танылды. Мақаланың практикалық маңыздылығы құдық атауларының этномәдени мағынасын түсіндірумен ерекшеленеді.

Тірек сөздер: топонимдер; құдық; этимология; мәдени мұра; символ; құндылықтар

Қаржыландыру көзі: Мақала «AP19680234 Маңғыстау топономастикалық аралы: тарихи топонимия, топонимдер және оларды интерпретациялау» атты гранттық қаржыландыру жобасы аясында дайындалды.

Сілтеме жасау үшін: Әмірбекова А.Б., Нұрдаулетова Б.І., Аскерова С.В. Маңғыстау облысындағы құдық атауларының этимологиясы. *Tiltanym*, 2024. №4 (96). 12-24-бб.

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2024-4-12-24>

**Айгуль Байдебековна Амирбекова^{1*}, Бибайша Илиясовна Нурдаулетова²,
Севинж Вакифқызы Аскерова³**

^{1*}автор-корреспондент, кандидат филологических наук,

Институт языкознания имени А. Байтұрсынұлы, Казахстан, г. Алматы,

ORCID: 0000-0001-8540-8264 E-mail: marghan01@mail.ru

²доктор филологических наук, профессор,

Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова,

Казахстан, г. Ақтау, ORCID: 0000-0002-6911-6509 E-mail: bibaisha.nurdauletova@yu.edu.kz

³докторант, Азербайджанский государственный университет культуры и искусств,

Азербайджан, г. Баку, ORCID: 0009-0007-3438-1162 E-mail: pinko88@mail.ru

ЭТИМОЛОГИЯ НАЗВАНИЙ КОЛОДЦЕВ В МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ

Аннотация. В статье рассмотрены лингвистические и культурные значения названий колодцев в Мангистауской области. Исторический и этимологический анализ названий колодцев выявил влияние традиций местных жителей и людей, которые населяли или путешествовали по этим засушливым ландшафтам. Была определена роль колодца в жизни в суровом климате пустыни, и роль кочевого местного населения в названии колодцев. Были изучены истоки происхождения и диалекты названий колодцев и прослежено, как различные лингвистические элементы были включены в эти топонимы. Изучено культурное значение названия колодца. Данное исследование показало, что можно внести свой вклад в сохранение культурного и языкового наследия Мангистау, предложив этимологическое исследование, чтобы понять, как географические названия служат доказательством взаимодействия человека с ландшафтом. Применялись методы, которые оказались эффективными для изучения этимологии названий колодцев в Мангистау: лингвистический анализ, исторические исследования, географический анализ, сравнительный анализ. Используя эти комплексные методы, нами было установлено, что колодезная топонимика занимает важное место в качестве лингвистического и географического наследия Мангистау. Авторами данного исследования был проведен этимологический анализ 20 наименований колодцев Мангистауского региона. Названия колодцев признавались не только топонимическими, но и лингвогеографическими единицами как объекты, отражающие историю и культуру региона. Практическая значимость подчеркивается объяснением этнокультурного значения названий колодцев.

Ключевые слова: топонимы; колодец; этимология; культурное наследие; символ; ценности

Источник финансирования: Статья подготовлена в рамках проекта грантового финансирования «AP19680234: Топономастический ареал Мангыстау: историческая топонимия, топообразы и их интерпретация».

Для цитирования: Амирбекова А.Б., Нурдаулетова Б.И., Аскерова С.В. Этимология названий колодцев в Мангистауской области. *Tiltanyim*, 2024. №4 (96). С. 12-24. (на каз. яз.)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2024-4-12-24>

Aigul Amirbekova^{1*}, Bibaisha Nurdauletova², Sevinj Askerova³

^{1*}Corresponding author, Candidate of Philological Sciences, A. Baitursynuly Institute of Linguistics, Kazakhstan, Almaty, ORCID: 0000-0001-8540-8264 E-mail: marghan01@mail.ru

²Doctor of Philology Sciences, Professor, Sh. Yesenov Caspian University of Technology and Engineering, Kazakhstan, Aktau,

ORCID: 0000-0002-6911-6509 E-mail: bibaisha.nurdauletova@yu.edu.kz

³doctoral student, Azerbaijan State University of Culture and Arts, Azerbaijan, Baku, ORCID: 0009-0007-3438-1162 E-mail: pinko88@mail.ru

ETYMOLOGY OF THE NAMES OF WELLS IN THE MANGYSTAU REGION

Abstract. The article examines the linguistic and cultural meanings of the names of wells in the Mangystau region. Historical and etymological analysis of the names of the wells revealed the influence of the traditions of local residents and people who inhabited or traveled through these arid landscapes. Historical research has been conducted in the article. It was determined that the well is important for life in the harsh desert climate, and the role of the nomadic local population in the naming of wells. The article studied the languages of origin and dialects of the names of wells and traced how various linguistic elements were included in these toponyms. The cultural significance of the well's name has been studied. The article proved that it is possible to contribute to the preservation of the cultural and linguistic heritage of Mangystau by offering an etymological study to understand how geographical names serve as evidence of human interaction with the landscape. Methods were used that proved effective for studying the etymology of the names of wells in Mangystau: linguistic analysis, historical research, geographical analysis, comparative analysis. Using these complex methods, the article found that well toponymy occupies an important place as the linguistic and geographical heritage of Mangystau. The article provides an etymological analysis of 20 names of wells in the Mangystau region. The names of wells were recognized not only as toponymic, but also as linguistic and geographical units as objects reflecting the history and culture of the region. The practical significance of the article is emphasized by explaining the ethnocultural significance of the names of wells.

Keywords: toponyms; well; etymology; cultural heritage; symbol; values

Source of funding: The article was prepared within the framework of the grant financing project “AP19680234: Mangystau toponymic area: historical toponymy, topography and their interpretation”.

For citation: Amirbekova, A., Nurdauletova, B., Askerova, S. Etymology of the Names of Wells in the Mangystau Region. *Tiltanyim*, 2024. №4 (96). P. 12-24. (in Kazakh)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2024-4-12-24>

Кіріспе

Әлемдік тіл білімінде құдық атаулары спелеоним ретінде зерттеледі. Спелеоним – үңгірлердің, қуыстардың немесе жерасты кеңістіктердің атаулары. Ол грек тілінен шыққан: «spelaion» – үңгір, қуыс және «опома» – атау деген сөздерден құралған. Спелеонимдер географиялық нысандардың атаулар жүйесінің бір бөлігі болып табылады және оларды зерттеу

тіл білімі, география, мәдениеттану және тарих ғылымдарының тоғысында жүргізіледі. Қазақстанның оңтүстік-батысында орналасқан Маңғыстау облысы өзінің құрғақ, бірақ тарихи бай ландшафтысымен танымал. Шөлейтті аймақтағы әрбір құдықтың атауында жергілікті тарихты, мәдениетті немесе табиғи ерекшеліктерді көрсететін бірегей этномәдени ақпараттар бар. Бұл құдықтар ғасырлар бойы Маңғыстауда халықтың тұрмыс-тіршілігі үшін ауызсудың қайнар көзі, қажеттілік құралы болды, көшпелі малшылардың, саяхатшылардың және жергілікті тұрғындардың өмірлік тірегі болды. Ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан құдық атауларының мағынасында бір кездері осы жерлерде тұрған, саяхаттаған адамдардың әңгімелері, қоршаған ортаның географиялық ерекшеліктері немесе аймақты қалыптастырған тарихи оқиғалар жиі кездеседі. Құдық топонимдерін зерттеу Маңғыстаудың физикалық географиясы туралы түсінік беріп қана қоймайды, сонымен қатар аймақтың мәдени және лингвистикалық мұрасының символдық, культтік мәнін ашады. Бұл мақалада Маңғыстаудың аңызға айналған тарихи оқиғаларының бастауы сол жерде мекендеген тайпалардың тұрмысымен тығыз байланысты екені құдық атауларының мазмұнындағы қызықты деректерден анықталып отыр. Құдық топонимикасы – атаужасам конвенцияларымен, сондай-ақ географиялық тарихи оқиғалармен байланысты үдеріс. Сондықтан құдық топонимикасы – география, тарих және тіл білімімен сабақтасатын күрделі сала. Дүниежүзіндегі құдық атауларының тілтанымдық аспектілерін зерттеу оларға атау берген халықтың мәдени, тарихи дүниетанымы мен сол жердің экологиялық құндылықтарын анықтаудан басталады.

Маңғыстау облысындағы құдық атауын зерттеудің негізгі идеясы – Маңғыстау өңіріндегі құдық атауларының шығу тегін, мағынасын және мәдени маңыздылығын зерттеу. Бұл атаулар географиялық белгілер ретінде ғана емес, сонымен қатар аймақтың лингвистикалық мұрасының, тарихының және жергілікті дәстүрлерінің аспектілерін қамтитын мәдени артефактілер деп танылады. Осы топонимдерді этимологиялық және мәдени тұрғыдан зерттей отырып, құдық атауларының семантикасындағы құндылықтарды анықтау лингвогеографиялық талдау деп саналады.

Маңғыстау облысындағы құдық атауын зерттеудің практикалық және теориялық маңызы зор, өйткені ол аймақтың мәдени, лингвистикалық және тарихи мұрасы туралы көне рухани деректерді анықтауға ықпал етеді, сонымен қатар топоним атауларын топографияда таныту ресурстарын ұсынады.

Мақаланың теориялық маңыздылығы құдық атауларының жергілікті дәстүр, наным-сенім және маңызды тарихи оқиғалар бойынша мол ақпараттық дерек беретін лингвогеографиялық ұғым ретінде зерттелуінде. Демек, құдық атаулары Маңғыстаудың мәдени тарихы туралы түсінігімізді арттыратын қызметке ие. Бұл топонимдер адамның туған жермен өзара әрекеттесуін, топырақ, жер бедері, су, судың қайнар көзін табу сияқты халықтық геодезиялық білімді тіл арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жеткізген жазба ретінде қызмет ете алатынын көріп отырмыз. Құдық атаулары мәдени белгілер ретінде жергілікті жердің табиғаты мен тарихын танытушы тәсілдердің бірі ретінде қабылданып, лингвогеографиялық атаулар өрісінің ауқымын кеңейтетінін байқадық.

Мақаланың практикалық маңыздылығы құдық атауларының білім беру ресурсы ретінде жұмсалыуында. Құдық атаулары туралы этномәдени және этимологиялық деректерді жергілікті мектептер, мұражайлар мен мәдени мекемелер үшін оқу материалдары ретінде пайдалануға болады. Бұл ресурстар жас ұрпақтың, сол аймақтың бірегей мұрасы құдық атауларының тарихы туралы білімін арттыруға, тіл арқылы Маңғыстау тарихымен таныстыруға көмектеседі.

Материал және әдістер

Маңғыстау облысындағы құдықтардың атауын зерттеу, құдықтың тарихын және мәдени маңыздылығын мұқият зерттеуді қамтамасыз ету үшін материалдар мен әдістердің комбинациясы қолданылды.

Материалдар. Тарихи құжаттар мен мұрағаттар: жазбалар, карталар және аймақтық мұрағаттар мен кітапханалардағы құдық атауларына қатысты тарихи мәтіндер пайдаланылды. Бұл дереккөздерге ескі карталар, қолжазбалар, саяхат кітаптары және белгілі бір құдық немесе жер атаулары туралы айтылған тарихи құжаттар енеді. Мысалы, Маңғыстау құдықтарының

геолокациясы берілген <https://mangystau.inmap.kz/> сайты қолдануға болады.

Лингвистикалық дереккөздер: сөздіктер, этимологиялық ресурстар, қазақ, парсы, араб және басқа тілдердің лингвистикалық зерттеулері, әр атаудың түп-тамырын түсіну үшін қажет тілтанымдық деректер. Бұл материалдар топонимдердің семантикалық шығу тегін анықтауға көмектеседі. Осы тұрғыдан «Маңғыстау» энциклопедиясын пайдаландық (Маңғыстау энциклопедиясы, 2008).

Әдістері. *Этимологиялық талдау* әр құдық атауының лингвистикалық компоненттерін, олардың түп негізін, мағыналарын және тілдік әсерін анықтау үшін қолданылды.

Тарихи әдіс тарихи жазбалардағы Маңғыстау тарихын іздей отырып, ондағы әрбір құдық атауы қатысқан деректерді талдауда қолданылды. Құдық атауларына қатысты тарихи деректер, құдықтың қызмет еткен кезеңі, қызметі және сол кездегі оқиғаларға немесе адамдарға қалай қатысты болуы анықталды.

Салыстырмалы талдау. Зерттеу барысында құдық атауларындағы мағына ұқсастықтары, айырмашылықтарын анықтау үшін Маңғыстау құдықтарының атаулары жақын маңдағы құдықтармен салыстырылды. Бұл әдіс арқылы Орталық Азиядағы басқа да мәдениетпен және көші-қон заңдылықтарымен салыстыруға мүмкіндік берді. Соның негізінде ортақ мәдени мұралардан туындаған атаулардың мәнін ашуға ықпал жасады.

Географиялық және экологиялық талдау. Құдық атауларының экологиялық контексін түсіну үшін құдықтардың орналасуының физикалық ерекшеліктері (жер бедері, өсімдік жамылғысы және табиғи белгілерге жақындығы) талданады. Бұл белгілі бір құдықтардың географиялық ерекшеліктеріне, өсімдіктеріне, жануарларына немесе жәдігер ерекшеліктеріне байланысты атау уәжін анықтауға көмектеседі.

Жіктеу және талдау әдісі. Құдық атауларының географиялық ерекшеліктері, олардың тарихи сілтемелері немесе мәдени символдары сияқты тақырыптарға қатысты ақпараттарды жинау, іріктеу мақсатында қолданылды. Бұл әдіс атау үлгілерін ажыратуға және Маңғыстаудағы құдық атауларына әсер ететін негізгі факторларды анықтауға көмектеседі.

Әдебиетке шолу

Құдық атауларын арнайы қарастырған зерттеулер өте аз. Серікбол Қондыбайдың «Маңғыстау географиясы» еңбегінде (Қондыбаев, 1997), Тәттігүл Қартаеваның «Құдық көрсен шегенде» мақаласында (Қартаева, 2020) берілген деректер жұмысымызға негіз болды. Сондай-ақ топонимдерді, соның ішінде құдық атауларын зерттеу тәжірибесін білу мақсатында шетелдік ғалымдардың зерттеулеріне де шолу жасалды. Мысалы:

1. Орталық Азияны зерттеуге маманданған топонимист әрі лингвист Е.В. Голубева түркі және қазақ топонимдерінің Орталық Азия топонимиясы мен этимологиясы жөніндегі жұмыстарымен танымал (Голубева, 2009). Оның зерттеулерінде географиялық атаулардың тарихи көші-қоны, тілдік ауысулары мен мәдени алмасулары қалай бейнеленетінін қарастырады. Бұл Маңғыстаудағы құдық атауларын түсіну барысында едәуір ақпарат бере алды. Сондай-ақ Іле өзені маңындағы ойрат гидронимдерін зерттеген Б.Борлыкова, Б.Меняевтің еңбегінде: «XVII ғасырда ойрат құдықтарының атауы басқа тілдерге аударылған кезде айтарлықтай бұрмаланған, сондықтан олардың түпнұсқа атауы өзгергеннен кейін оның этимологиясын тану да едәуір қиындайды», – делінеді (Борлыкова, Меняев, 2022).

2. Географтар мен экологтердің еңбектері пайдаланылды. Таяу Шығыстағы құдық атаулары мен су көздерінің мәдени және тарихи аспектілерін зерттеген американдық антрополог және мәдени географ Майкл Макрейнольдстің еңбегі пайдаланылды (McReynolds, 2019). Көшпелі өмір салтын социогеографиялық бағытта зерттеген британдық тарихшы, географ Дэвид Томастың Сахара мен Солтүстік Африканың мәдени ландшафты бойынша сараптама жасап, ежелгі құдықтарды және Африканың шөлді аймақтарындағы мәдени орындардың маңыздылығын зерттеген еңбегі қолданылды (Thomas, 2018).

3. Өлкетанушылар және тарихшылардың зерттеуі. Тимоти Инграмның даладағы су көздері мен тарихи географияны сабақтастыра зерттеп, Араб түбегіндегі оазистер мен құдықтардың ежелгі сауда жолдарымен тікелей байланысы бар екенін, олардың атауында да сауда-саттық мәндегі деректер бар екенін дәлелдеген зерттеуі пайдаланылды (Ingram, 2020). Осы еңбектердің

негізінде шөл, шөлейтті аймақтардағы құдық құрылымы мен оған атау беру тетігіндегі ұқсастықтар анықталды.

4. Археологтар мен тарихи географтардың зерттеуі. Орыс тілтанушы ғалымы, семит тілінің маманы, ежелгі географиялық атаулардың, соның ішінде Таяу Шығыстағы құдық атауларының этимологиясы мен мағынасын зерттеген Леонид Коганның еңбегі (Kogan, 2016), Х.О. Джессика-Рейлидің «Су семантикасы: ауылдық қауымдастықтардағы құдық атауларын талдау» (O'Reilly, 2017) мақаласы пайдаланылды. Француз тарихшысы және археологі, Солтүстік Африкадағы археологиялық орындар мен су көздерін, соның ішінде ежелгі құдықтарды зерттеген Энн-Мари Бургос (Burgos, 2017) мақаласы қолданылды. Эрнст Герцфельд «Парсы империясы: географиялық және этнографиялық зерттеулер» (Herzfeld, 2008). Э.Герцфельдің ирандық және Орталық Азиялық жер атауларын, соның ішінде құдықтар мен бұлақтардың атауларын зерттеген еңбегіне шолу жасалды. Оның жұмысы ежелгі құдық көздерінің этимологиясын түсіну үшін маңызды. Марк Аурел Штайнның «Ежелгі Хотан: Қытай Түркістанындағы археологиялық зерттеулер туралы егжей-тегжейлі есебі» еңбегінен (Stein, 1907) бірқатар дереккөздер алынды. Бұл жұмыста Орталық Азияның шөлді аймақтары мен оазистерінің топонимиясы, соның ішінде құдықтар мен бұлақтардың атаулары және олардың лингвистикалық шығу тегі зерттелген. Н.Ричард Фрайдың «Орталық Азия мұрасы: ежелгі дәуірден түрік экспансиясына дейін» (Frye, 1996) еңбегінде Түркі және Иран жер атауларын, соның ішінде су көздері мен құдықтарға қатысты атауларды талдайды. Оның зерттеуі Орталық Азиядағы атаулардың этимологиясы мен маңыздылығын қарастырады. Герхард Доерфердің «Түркі халқының мұрасы туралы» (Doerfer, 2004) мақаласында су айдындарымен, соның ішінде құдықтармен байланысты түркі жер атауларының шығу тегі талданады және су көздерін танытатын түркі сөздерінің этимологиясы анықталады. Пол Пеллиот жергілікті жер атауларының этимологиясына назар аудара отырып, Ұлы Жібек жолы бойындағы су көздері мен ұңғымалардың атауларын зерттейді (Pelliot, 2008). Б.Нұрдәулетованың «Маңғыстау топоареалындағы діни топонимдер» атты еңбегіндегі (Нұрдәулетова, 2024) тілдік деректер құдық атауларының этимологиясын көрсетеді.

Нәтижелер және талқылау

Қазақстандағы құдық топонимдерін немесе құдық атауларын зерттеу аймақтың лингвистикалық, мәдени, тарихи және экологиялық өлшемдері туралы түсінік береді. Топонимиканың бір бөлігі ретінде тіл білімінің жер атауларын зерттеуге арналған саласы – құдық топонимдерін арнайы зерттеу гидротопонимия деп аталады. Гидротопонимия Қазақстан үшін маңызды, себебі мұнда құдықтар шөлді және жартылай шөлді аймақтардың ажырамас бөлігі болып табылады және олардың атаулары көбінесе тарихи, әлеуметтік және географиялық маңызға ие.

Қазақстандағы құдық топонимдерін зерттеу мәдени мұраны сақтап қана қоймай, практикалық маңызы бар сала болып табылады. Су ресурстарын басқару үшін құдықтардың орналасқан жері мен тарихи деректерін түсіну ауылдық жерлерде суды тұрақты пайдалануды қамтамасыз ете алады. Құдық топонимдерін зерттеу қазіргі қазақ қоғамының лингвоэкологиялық санасын дамытуға мүмкіндік береді. Лингвистикалық, тарихи және экологиялық талдау арқылы зерттеушілер адамның сумен қарым-қатынасын, су шығарудағы еңбегін баяндауы туралы құнды түсініктерге ие болады.

Қазақстандағы құдық топонимдері жер мен су көздеріне байланысты тарихи, географиялық және мәдени маңыздылыққа бай. Кең далаларымен, шөлдерімен және тау жоталарымен танымал елде құдықтардың, әсіресе шөлді аймақтарда орналасуын зерттеу маңызды болды. Бұл құдық атауларының терең мәдени, тарихи және географиялық мағынасын анықтауға сол арқылы жергілікті тұрғындардың қоршаған ортаны қалай қабылдайтынын және олардың табиғатты танудағы білімдерін, экологиялық танымын түсінуге көмектеседі. Құдық топонимдерін зерттеудің негізгі параметрлері:

1. Құдық атауларына тарихи оқиғалардың әсер етуі. Қазақстандағы көптеген құдық атаулары тарихи оқиғалардан, кейбір тұлғалардың ерен еңбегі не әулиелік қасиетінен немесе ежелгі тайпалардан бастау алады. Мысалы, кейбір құдықтарға аймақ тарихында белгілі бір рөл атқарған атақты жауынгерлердің, тайпа көсемдерінің немесе тарихи тұлғалардың есімдері

берілген. Бұл атаулар жергілікті тұрғындардың ата-бабалары мен маңызды оқиғаларын еске түсіре отырып, тарихтың белгісі ретінде қызмет етеді. Мысалы, «Мәміш қазған» құдығы – Мәміш деген құдықшының құрметіне қойылған атау. Мәміш құдықшы елдің аузында құдық қазу тәсілімен танылған. Оның құдық қазу тәсілі лақтырған сүйме қай жерге қадалса, сол жерден құдық қазуымен ерекшеленген. Мәміштің қазған құдықтары тұнық, таза су шығатын әрі терең болған. Себебі ол жер бедері мен су бедерін топырақ бетінен, жердің қыртысынан танитын болған. Мәміш құдықшыға қаздыру ақысына 200 мал, астына бір ат мінгізетін болған.

2. Құдық атауларының географиялық және қоршаған ортаға әсері. Кейбір топонимдер құдықтың айналасындағы географиялық ерекшеліктерді көрсетеді. Мысалы, «Қызыл құдық» айналадағы тау жыныстарының немесе топырақтың түсін білдіруі мүмкін, ал «Шұбар құдық» әртүрлі өсімдіктері немесе жартасты жерлері бар ландшафтыны сипаттауы мүмкін. Құмды жерлерде орналасқан құдықтарда «Құмшыға», «Құмды құдық» атаулары бар. Ол аймақтың құрғақ және шөлді мекен екенін, яғни құмды ландшафт екенін көрсетеді.

3. Құдық атауларының мәдени және рухани маңызы. Құдықтар тек су көзі ғана емес, сонымен бірге қазақ мәдениетінде рухани маңызы бар. Көптеген құдық атаулары олармен байланысты рухани нанымдарды немесе аңыздарды көрсетеді. Мысалы, кейбір құдықтар әулиелердің есімімен аталады немесе емдік күші бар деген жергілікті нанымдарға байланысты қасиетті болып саналады. «Баба Ата» деп аталатын құдық жергілікті тұрғындар дұға етуге және бата сұрауға келетін киелі орын ретінде санада сақталып отыр. Немесе осы жерде тұрған әулиелі, құрметті тұлғаны білдіруі мүмкін.

4. Құдық атауларының флора мен фаунаға байланыстылығы. Құдықтардың айналасындағы өсімдік пен жануарлардың көптігі немесе ерекшелігі, не болмаса сол құдықпен тікелей байланысы болуына орай құдық атауларына уәж болады. Бұл Қазақстанның биоәртүрлілігін көрсетеді. «Арқарбұлақ» құдығы атауының уәжін жақын жерде арқар сияқты жабайы жануардың мекендегенімен немесе тау жоталар арасындағы табиғи құдық болуымен, тау жыныстарының ойылып, құдық аузы арқардың бейнесіне ұқсатылуымен байланысты болуы әбден мүмкін. «Жалғызағаш» құдығының уәжі құдық жанындағы оқшауланған ағаштың болуымен түсіндіріледі. «Жалғызағаш» құдығы саяхатшылар үшін көрнекті орын болып саналады. Маңғыстау өңіріндегі құдықтың басына ағаш егу, яғни құдықтан су ішіп, шөлін басқан адамның ағаштың көлеңкелі саясында демалуына жағдай жасау мақсатында арнайы ойластырылған. Кейбір ағаштар тамырын кеңге жайып, берік сақталады. Сондай-ақ құдық басына құдық қазған кісінің құрметіне немесе құдықты тазалап тұрушыға арнап там (тоқал үй) тұрғызылады. Құдық басына егілген ағаш беріктігімен ерекшеленсе, онда осы аймақта әулиелі тылсым күш бар деп түсінілген. Бәлкім ол құдық қазушымен немесе осы жерде жерленген кісілердің рухымен байланысты болуы мүмкін. Себебі құдық жерасты ресурсы болғандықтан, жер астындағы біз білмейтін ғасырлар бойғы тарихи мұралармен тығыз байланысты болуы ықтимал.

5. Құдық атауларының экономикалық және практикалық маңызы. Көптеген топонимдер құдықтардың экономикалық және практикалық рөлін көрсетеді. Мысалы, негізінен мал шаруашылығына арналған құдықтарда «Малшы құдығы» (Малшы бұлақ) сияқты атаулар болуы мүмкін, тіпті «Шопан құдығы» деген атаулар да кездеседі. Бұндай атаулар су көздерінің қазақтың ауыл өмірінің негізі болып табылатын мал шаруашылығы мен ауыл шаруашылығын қолдаудағы маңызды рөлін көрсетеді.

6. Құдықтың құрылымы мен құрылысына қатысты да атау берілген. Мәселен, Маңғыстаудағы «Дүңгірлек» құдығы ондағы судың құлаққа дүңгірлеп естілуіне орай аталған. Құдықтың ішкі құрылысы ирелең, қисық болғандықтан, ондағы су үздіксіз шайқалып тұрады. Құдық ішінде судың сыңғырлағаны терең құдықтан жер бетіне дүңгірлеген, даңғырлаған дауыспен жаңғырып шығатын болған. Осы қасиетіне орай «Дүңгірлек» аталған.

Қазақстандағы құдық топонимдері су көздерінің практикалық маңыздылығын ашып қана қоймай, сонымен бірге қазақ мәдениетінің тарихын, наным-сенімдері мен дәстүрлерін сақтайды. Әрбір атау Қазақстанның әртүрлі аймақтарындағы тұрмыс-тіршіліктің бейнесі және тарихи, экологиялық және мәдени ландшафтының көрінісі деп түсініледі.

Қазақстанның Маңғыстау облысындағы құдық атаулары көбінесе ауданның бай мәдени

және тарихи мұрасын көрсетеді. Бұл атаулардың уәжі географиялық ерекшеліктерге, тарихи оқиғаларға, көрнекті тұлғаларға лингвогеографиялық элементтерден бастау алады.

Батыс Қазақстанда орналасқан Маңғыстау – табиғи тұщы су ресурстары шектеулі құрғақ аймақ. Оның құрғақ климаты және жерүсті суларының жетіспеушілігі жерасты суларын жергілікті халық мал шаруашылығы және өнеркәсіп салалары үшін маңызды су көзіне айналдырады. Сондықтан бұл аймақта құдықтар көп болу себебі де осыдан. Дегенмен әрбір құдықтың өзіндік маңызы мен тарихы бар. Маңғыстауда құдықтың таралу себептері мынадай:

Дәстүрлі су көзі. Тарихи тұрғыдан көшпелі қазақ малшылары ауызсу және мал суару үшін құдықтарға сүйенген. Бұл Маңғыстаудағы көшпелі өмір салтының негізгі бағыты болды және құдықтың болуы белгілі бір аудандарда, кем дегенде, уақытша қоныстануына мүмкіндік берді. Маңғыстауда құдықтың көп болу себептерін былайша топтастырып көрелік:

1. Эктас сулы қабаттары. Аймақтың эктас жыныстарында жерасты суларын сақтайтын сулы горизонттар бар. Осы сулы горизонттарға жету үшін құдықтар қазылып, әр учаскенің орналасқан жері мен геологиясына байланысты әртүрлі құдық әртүрлі тереңдікке жетеді.

2. Сауда жолы бойындағы елді мекен болуы. Маңғыстау ежелден Жібек жолының орта жолы, сауда жолдарының тоғысқан жері болғандықтан, құдықтар арнайы қазылған. Бұндай құдықтар шөлді аймақты жүріп өтетін саудагерлер мен керуендерді қолдау үшін қажет болған.

3. Ресурстарды дамыту. Маңғыстаудың экономикалық бағыты мұнай, газ және минералды ресурстарға бағытталғандықтан, өнеркәсіптің және өсіп келе жатқан елді мекендердің су қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін құдықтар арнайы игерілді. Өнеркәсіптік қызмет көбінесе құдықтың болуын, қажеттілігін арттыра түсті, құдыққа сұраныс өнеркәсіптің су ресурстарын өтеу үшін көбейді.

4. Жерасты суларына тәуелділік. Өзендер мен көлдер болмаған жағдайда жерасты сулары өте қажет. Сондықтан суға тапшы аймақта, әсіресе шалғай және ауылдық жерлерге тұрақты қол жетімділікті қамтамасыз ету үшін бүкіл аймаққа құдық қазылған.

Әр құдықтың өзіндік тереңдігі, тарихы, тіпті қасиетті мәні бар. Маңғыстау аймағында халық белгілі бір құдықтарды көрнекті орындар немесе мәдени және рухани маңызы бар ескерткіш ретінде қарайды.

Біз Маңғыстау облысындағы 20 құдықты зерттедік, құдықтың кейбір атауларының этимологиясын аштық:

Базығұрлы – Маңғыстау облысындағы Кендірлі киясайдың солтүстік-шығыс бөлігіндегі құдық. Тереңдігі – 18 м, су көлемі – 100 л/сағ. «Базығұрлы» (немесе «Базықырла») атауы қазақ тілінен шыққан және оның этимологиясын екі бөлікке бөлуге болады: «Базы» – дереккөз немесе іргетас, қайнар көзге қатысты болуы мүмкін. Құдық контексінде бұл су көзі деген мағынаны білдіреді. «Ғұрла» қазу дегенді білдіретін «бұрғылау» сөзімен байланысты. Осы компоненттерді біріктіре отырып, «Базығұрлы» қазылған құдық (немесе бұлақ) деп түсіндіруге болады. Базығұрлы құдығының өлкетанымды маңызы ерекше. Себебі Маңғыстау өңіріндегі үлкен, терең, яғни іргелі құдық болып танылады. Концептуалдық тұрғыдан қарайтын болсақ, Базығұрлы – Жазығұрлы мекенімен тікелей байланысты деп ойлаймыз. Қазақ тілінде «Баз» – ас су, азық-түлік сақтайтын шұңқыр, яғни үй асты қоймасы. «Жазы» – жазық жер, иен дала. Демек, жазық жердегі жерасты қоймасы. Бұндағы қойма – су (тіршілік көзі). Бәлкім тек су ғана емес, мұнай сорылған құдық та болуы мүмкін. Сондықтан халықтың когнитивтік танымы бойынша «Базығұрлы» тек құдық қызметінде ғана емес, мұнай не су сақталатын орын ретінде құндылығымен жадыда терең сақталған.

Бекі – Маңғыстау түбегіндегі құдық. Маңғыстау ауданында орналасқан. Тереңдігі – 12 м, су тереңдігі – 800 л/сағ., құдықтың биіктігі – шамамен 250 м. Төрткөл төбесінің баурайында орналасқан. Құдықтың оңтүстігінде құдық атындағы ауыл орналасқан. Бекі құдығының этимологиясы қазақ тарихы мен мәдениетінен бастау алады. «Бекі» (немесе «бек»), кейде түрік тілінде «бей» деп аударылады) – түркі мәдениетіндегі лауазымдық атау. Көнетүркі тілінде *бек* «мықты», «өте, көп», «қорған, қамал, бекініс» мағыналарында қолданылған (Севортян, 1978: 117). Ал Дағыстан топонимиясында Бека, Бекі атауының «тау» мағынасы кездеседі (Словарь геогр. терм. и др. слов в топонимии Дагестанской АССР). Орталық Азия мен Қазақстан

контекстінде бұл «беделді» немесе «құрметті» деген ұғымды да білдіреді. Тарихи кезеңде «бек» атағын иеленген адамдар қоғам көсемдері немесе тайпа көсемдері болған. Құдық өз атауын осы атақты иеленген құрметті тұлғадан алған болуы мүмкін, бұл жердің көрнекті көшбасшының қамқорлығында немесе қорғауында болуы мүмкін екенін немесе Бекі есімді көрнекті тарихи тұлғамен байланысты болуы мүмкін екенін көрсетеді. Құдықтарға көшбасшылардың немесе маңызды тұлғалардың есімдерін беру – бұл халықтың ықпалды адамдарды есте сақтауға және құрметтеуге бағытталған дәстүрі, өйткені құдық шөлді Маңғыстау облысында саяхатшылар мен көшпенділерді қажетті сумен қамтамасыз ететін құтқару құралы болды. Когнитивтік тұрғыдан талдайтын болсақ, Бекі құдығының маңында «Бекі» қорымы бар. Онда бірнеше көрханалар мен белгітастар бар. Бәлкім сол өлкеде ел басқарған бек, сұлтандардың қорымы болуы да мүмкін. Демек, «Бекі» құдығы бекініс деген ұғымнан емес, бек (жоғары мәртебелі тап өкілі) мағынасымен уәжделген болуы керек.

Бесоқты – Түйесу құмының шығысындағы құдық атауы. Маңғыстау облысы Қаракия ауданындағы Сенек ауылынан шығысқа қарай 20 км жерде орналасқан. Көне аңызда өзін қуған бөріні 5 оғымен жайратқан мықты мергеннің құрметіне қойылған атау. Құдық атауының «Бесоқты» болуы бес оққа байланысты қойылған. Құдық басында «Тынымбай шоқы» деп аталатын биік төбе бар. Бәлкім мерген кісі осы Тынымбай болуы да мүмкін.

Бесөгіз – Маңғыстаудағы терең құдық. Ол Жолбаян Шыңынан солтүстік-шығысқа қарай 12 км жерде, Төлеп теміржол бекетінің жанында орналасқан. Халықтың айтуынша, құдық бұрғылаған адамға еңбекақысы үшін бес бұқа (өгіз) берілген. Сондықтан құдық «Бесөгіз» деп аталған. Ғылыми деректерге сүйенсек, Маңғыстауда туыстас бес Оғыз тайпасы өмір сүрген. Қазақтар оларды «бес Өгіздің елі» деп те атаған. Олар тұрған жердегі құдықтың аты соның құрметіне Бесөгіз деп аталған. Ғалым Т. Жанұзақтың зерттеуіндегі: «Өгіз – көнетүркі тілінде «өзен», «су» мәнін білдіретін сөз болған» деген пікірге сүйенетін болсақ, осы маңдағы бес құдықтың жалпы атауы деген болжам туындайды (Жанұзақ, 2007: 66). Махмұд Қашқари еңбегінде де «Окуз, Огуз» өзен атауын білдіреді. Бұл пікірді Э. Мурзаевтан да кездестіруге болады: «Негізінен, окуз сөзі «ағып жатқан су» мағынасын береді» (Мурзаев, 1984: 195). Сонымен, қорыта келгенде, Бесөгіз – бес құдықтың жалпы атауы болса керек. Бұл сөзімізге ғалым Серікбол Қондыбайдың мына сөздері дәлел бола алады: «1952 жыл. Желтау, Қарасай, Шағырлы арқылы 160 км жүріп, Терістік Үстірттің Тасастау – Қайнар дөңі маңындағы таудан шығып, соқыр тәуекелмен елсіз Үстірттің терістігімен тарттық. Арада бір жерде 4-5 құдықтың үстімен, 60 км-ден кейін көп құдығы бар бір суға жеттік» (Қондыбай, 2010). Когнитивтік тұрғыдан алсақ, Маңғыстау өңірінде терең құдықтардың аузы шегенделеді, яғни таспен өріледі немесе ағаш тақтаймен аузы жасалады. Бұл алыстан қарағанда жазық даладағы бес құдықтың жақын орналасқанын айқын көрсететін белгісі. Демек, аузы шегенделген бес құдықтың көзге айрықша көрінуінің ықпалымен бес атауы қалыптасқанға ұқсайды. Ал «өгіз» сөзінің *су, ағыс, өзен* мәніндегі көне мағынасы бұл құдықтың тарихы да көне екенін, яғни сонау түркі тайпалары мекендеген кезеңнен сақталғанын байқатады. Демек, Бесөгіз дегеніміз бес құдықтың атауы екені осылайша расталуы да әбден мүмкін.

Борлы – Маңғыстау түбегінің батыс бөлігіндегі құдық. Терендігі – 2 м, су көлемі – 500 л/сағ. Маңғыстау Шығанағы Түпқараған Түбегінің шығыс бөлігіндегі құдықтың жанында орналасқан. Борлы деп аталуының себебі құдық суының құрамында бордың көп болуынан болса керек. Оған басты дәлел – Борлы құдығының құрғақ ақ топырақта, әктаста орналасуы. Танымдық тұрғыдан қарайтын болсақ, Бор – латынның «боракс» сөзінен тарайды. Боракс – табиғи минерал. Бор құрамында кварц, монтмориллонит, каолинит, гидрослюда, опал, глауконит, халцедон, цеолиттер, пирит, барит, темір оксидтері болады. Бор жылы климат жағдайында тұзды қалыпты теңіздерде ондаған метрден жүздеген метрге дейінгі терендіктерде тұнады. Геосинклинальдік аймақтарда бордың шөгінділері қатайып, әктасқа айналады. Бор мезо-кайнозой шөгінділерінде кең тараған. Демек, Борлы құдығы боры бар жерден қазылған құдық мағынасын білдіреді.

Ауызорпа – Маңғыстау ауданындағы Қаракешу тұзды көлінен солтүстік-батысқа қарай 3 км жерде орналасқан құдық. Көкжиектің етегінде бірнеше орпа құдықтары бар. Маңғыстау ауданындағы Қаракешу тұзды көлінен солтүстік-батысқа қарай 3 км-дей жерде баурайларға

жақын орналасқан Ауызорпа деген атпен жақсы таныс, бұл ауданның географиялық та, мәдени элементтерімен де байланысын көрсетеді. Қазақ тіліндегі «орпа» сөзі маңғыстаулық қуаң ландшафтының негізгі ерекшелігі болып табылатын суды жинап, сақтайтын таяз құдықтарға немесе табиғи қуыс дегенді білдіреді. Бұл тұрғыда «Ауызорпа» атауы «ауыз» (қазақ тілінде «ауыз» немесе «ашу» дегенді білдіретін) және «орпа» (таяз құдық) бірігуі. Бұл Ауызорпаның «құдық аузы немесе ашылуы» деген мағынаны білдіретінін көрсетеді, терең құдықпен салыстырғанда құдықтың аузы ашылып жабылатын қақпағы бар суға қол жеткізу болатын немесе шелекті қолмен салып су алуға болатын аузы кең таяз құдық ретінде түсіндіріледі. Когнитивтік тұрғыдан талдайтын болсақ, әдетте терең құдықтардың аузы барынша тар болады және құдық тереңдеген сайын оның аузы тар болатынын ескерсек, Ауызорпа – құдықтан гөрі су жинайтын қойма ретінде қабылданады.

Ащыболды – Қарақия ауданы, Маңғыстау қаласында орналасқан құдық. Тереңдігі – 21 м, су көлемі – 500 л/сағ., топырағы – сұр-қоңыр. «Ащыболды» атауы қазақ тіліндегі «ащы» немесе «тұзды» дегенді білдіреді. Бұл судың тұзды немесе минералға бай дәмі болуымен түсіндіріледі. Бұл Маңғыстау сияқты тұзды және шөлейт аймақтардағы жерасты суларына тән. «Ащыболды» деген атау «тұзды болды» немесе «ащы құдыққа айналды» дегенді білдіріп, судың сапасын немесе минералды құрамын сипаттайды. Сұр-қоңыр топырақты жерде орналасқан бұл құдықтың топырағында органикалық құнарлық аз. Бұл жерасты суларының дәмі мен минералды сапасына әсер етуі мүмкін. Концептуалық тұрғыдан қарасақ, «Ащыболды» атауы адамның дәм сезімі арқылы қалыптасқан. Демек, бұл құдық ауызсу ретінде пайдалану мақсатында қазылған. Суы ащы болғандықтан, яғни құдық топырағының тұзды минералдары көп болғандықтан, адамның танымдық санасына сарт еткен алғашқы ассоциациялық түсінік – ащы дәм атаудың негізгі уәжі болып тұр.

Аяққарасай – Маңғыстау облысының Қарақия ауданында орналасқан құдық. Маңғыстау облысының Қарақия ауданында орналасқан Аяққарасай құдығы оның географиялық және мәдени маңыздылығын көрсететін атауға ие болуы мүмкін. Қазақ тілінде «аяқ» төменгі бөлік дегенді білдіреді, ол көбінесе төбе немесе тау баурайы сияқты географиялық нысанның етегіндегі орынды білдіреді. «Қара» түсті білдіреді, ал «сай» көбінесе жыраны, шатқалдың ойық жерін немесе аңғарды сипаттау үшін қолданылады. Осылайша, «Аяққарасай» атауының уәжі – тау (немесе биік жота) етегіндегі қара сай немесе төбенің төменгі бөлігіндегі аңғары бар құдық дегенді білдіруі мүмкін. Бұл атау құдықтың қара түсті геологиялық қабаттың жанында немесе құнарлы қара топырақты жырада орналасуы мүмкін екенін немесе қара топырақтан пайда болуы мүмкін екенін көрсетеді. Лингвогеографиялық талдауға сүйенсек, Аяққарасай құдығы Түрікменстанмен шекаралас жерде орналасқан. Түрікменстанның көптеген жерасты сулары тұзды қабаттар арқылы өтеді. Бұл судың минералдануын арттырады. Осы аймақтың климаты құрғақ және ыстық, бұл булануды күшейтіп, су көздерінің тұздануына әкеледі. Сондай-ақ бұл аймақта өнеркәсіптік қалдықтар жиі төгіледі. Бұл жерасты суын ластайды. Осындай географиялық ерекшеліктеріне орай Аяққарасай құдығының тұзды болуы дәлелденіп отыр. Бірақ құдық атауы оның тұзды болуына қатысты емес, орналасқан нүктесінің геолокациясына қарай уәжделген.

Ақорпа – Маңғыстау облысының Бозашы (Бузачи) түбегінде орналасқан құдық. Ақорпа құдығы – аймақтың ландшафты мен мәдени ерекшеліктері туралы түсінік беретін атау. Қазақ тілінде «ақорпа» дегеніміз таяз құдықты немесе су жинайтын табиғи ойпатты білдіреді. Сондықтан Ақорпаны «ақ құдық» немесе «ақ қуыс» деп те атайды. Когнитивтік тұрғыдан талдасақ, «ақ» дескрипторы Маңғыстаудың кейбір аудандарында жиі кездесетін әктас пен бор түзілімдеріне тән бозғылт немесе ақшыл реңкке ие болуына байланысты аталған. Себебі тау жыныстарының түсіне қатысты аталған топонимдер өте көп. Ол сондай-ақ судың сапасына байланысты болуы да мүмкін, себебі бұл басқа құдықтармен салыстырғанда мөлдір немесе тұщы суы бар құдық деп танылады. Соған орай қазақ мәдениетіндегі тазалықты білдіретін символ «ақ» деп аталуының да уәжі құдық суының таза, сапалы болуына байланысты. Бозашы түбегіндегі малшылар Ақорпа құдығын әлі күнге дейін қолданып келеді. Сондықтан құдық жергілікті аймақтың өмір сүруінің ажырамас бөлігіне айналған.

Балтакеткен – Маңғыстау облысында орналасқан құдық. Тереңдігі – 12 м, су көлемі – 600 л/сағ. «Балтакеткен» атауы қазақ тіліндегі «балта» мен «кеткеннің» бірігуінен жасалған. Біріккен атау «балта қалдырған жер» немесе «балта жоғалған жер» деген мағынаны білдіруі мүмкін. Бұл атаудың тарихи немесе мәдени тамыры болуы мүмкін. Мысалы, аумақтың бір кездері қоныстанушылардың ағаш егумен айналысқанын немесе құрылыс жұмыстары болғанын, тіпті қу даланы жайылымға дайындау үшін шеңгелден тазартылған болар деген болжамдармен, балтаның уәжділігіне сүйенуге болады. Лингвогеографиялық тұрғыдан талдайтын болсақ, «Балтакеткен» құдығы қоныр топырақты ландшафта орналасқан. Демек, онда қара жусан, сұр жусан, бұйырғын, тасбұйырғын, сексеуіл шоғырлары өседі. Құдық айналасын бұталы өсімдіктерден тазалау үшін міндетті түрде балта қажет. Бәлкім құдық басына балта қою үрдісі болуы мүмкін. Осылайша құдық атауына «балта» сөзі негізгі уәж болып тұр.

Басшорым – Солтүстік Ақтау жотасының батысындағы құдық. Маңғыстау ауданында орналасқан. Тереңдігі – 4 м, су шығымы – 180 л/сағ. Түркі тілдеріндегі «бас» сөзі «шын», «бастау» дегенді білдіреді. Қазақ тілінде «шоры» және «шорымық» сөздері бар. Шоры – «қызметші әйел, малай» деген мағынаны білдіреді, шорымық – «ағаштың шоғы» дегенді білдіреді. Демек, басшорым құдығының атауын бұлайша талдауға болмайды. Басшорым – құдық басында шырақшысы бар, қорғалатын құдық деген болжаммен түсіндіруге болады. Немесе «атау бас (зат есім) және шорым (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған. Шор – «сор, кепкен тұзды көл» (Мурзаев, 1984: 630). Атауда ш/с сәйкестігі кездеседі. Мағынасы: «суы мол, ащы (тұзды) құдық» деген талдаумен уәждеуге болады.

Жолбаян – Маңғыстаудың Солтүстік үстіртіндегі тұзды жазықтағы құдықтар. Құдықтың саны 10-нан асады. «Жолбаян» атауы ауданның табиғаты туралы да, осы құдықтардың тарихи маңызы туралы да түсінік береді. Қазақ тіліндегі «жол» және «баян» сөздерінен бірігіп, тұрақты немесе ұзаққа созылатын жолды білдіруі мүмкін. Сондықтан Жолбаян «ұзақ жол» немесе «төзімділік жолы» деп танылуы мүмкін. Когнитивтік тұрғыдан талдайтын болсақ, бұл құдықтар көшпенділер, малшылар және саудагерлер жүріп өткен жол бойындағы орналасқан жерін меңзеп, жазықта тұрақты су көзін қамтамасыз еткенін көрсетеді. Осылайша, Жолбаян құдықтары жергілікті халықтың жол бойында тұрақты су көздерін дамытудағы еңбегін көрсетеді және бұл құдықтардың үстірт арқылы тұрақты қозғалыс және қоныстану маршруттарын қолдаудағы рөлін де көрсетеді.

Жұзадыр құдығы – Маңғыстау облысы Қарақия ауданының орта бөлігінде, теңіз деңгейінен 200 м биіктіктегі жазықта орналасқан. Құдық суы тартылған. «Жұзадыр» атауы жергілікті ерекшеліктерді көрсетуі мүмкін. Қазақ тіліндегі «жүз» немесе «бет» сөзінен және «адыр», әдетте «төбе, биіктік» сөзінен біріккен. Немесе «төбенің беткейі» сияқты мағынаны білдіруі мүмкін, бұл салыстырмалы түрде тегіс ландшафтының көрнекі жерін білдіруі мүмкін. Маңғыстауда жерасты сулары тау жыныстарының қабаттары арқылы сүзілген кезде минералдарды жиі сіңіреді, бұл дәмге әсер етуі мүмкін. Сондай-ақ жүз саны (100 сан есімі) мен адыр, яғни «бір-біріне сансыз ұласып, тұтасып жатқан белесті, дөңесті жер» мағыналарының бірігуінен болуы да мүмкін.

Кейтар – Қарабауыр жотасының солтүстігіндегі құдық. Маңғыстау облысы Қарақия ауданы мен Қарақалпақ Республикасының шекарасында орналасқан. Тереңдігі – 37 м, су көлемі – 100 л/сағ. Ол теңіз деңгейінен шамамен 220 м биіктікте қазылған. Мал суаруға пайдаланылады. «Кейтар» атауының қазақ тілі мен мәдениетіне қатысты мағыналары болуы мүмкін. *Кей* – қазақ тіліндегі «кейіп», яғни «кескін, тұрпат, пішін» деген мағынаны білдіреді, *тар* – «кең емес, кішкентай, шағын» мағынаны білдіреді. Демек, *Кейтар* атауы – «пішіні, көлемі тар құдық» деген уәжде болған деп танымыз.

Сарышыңырау – суы тұщы құдық. Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданындағы Төлеп теміржолы бекетінің солтүстік жағында 5 км жерде орналасқан. Жоңғармен соғыста ерлігімен көзге түскен Әбілхайыр хан батырларының бірі – Сары Балтаұлы қазақ ауылдарын осы Сарышыңырауға бастап келіп қоныстандырған. Сары Балтаұлының жоңғар халқына қарсы соғыс жылдарындағы қосқан үлесі және оның қазақ ауылдарын қоныстандырудағы рөлі құдық атауының тарихи себептеріне байланысты бағдар ретіндегі маңыздылығын көрсетеді. Осылайша,

Сарышыңырау құдығының табиғи және тарихи маңызы бар, ол жергілікті халық үшін өмірлік маңызды ресурс қана емес, сонымен қатар қазақ халқының алдында тұрған тарихи сын-қатерлерге қарсы тұрақтылық пен қоғамдық мұраның символы болып табылады.

Утас – Маңғыстау облысындағы құдық. Ақтау-Бейнеу жолының бойында орналасқан. Маңғыстау ауданында орналасқан әк (известь) құдығы, яғни утасты жерге қазылған құрылысымен уәжделеді. Өктастан жасалған құдық суының минералды құрамы басқаша болады. Маңғыстау сияқты шөлді аймақтарда құдықтар жергілікті халық пен мал шаруашылығын қамтамасыз ету үшін қажет болған. Соның ішінде Утас құдығы мал шаруашылығына аса пайдалы минералды суымен сұранысқа ие болған. Себебі мал ауырғанда утас жалатып емдеу үшін Утас құдығына баратын болған.

Қазбасқазған – Латыпқазған кентінің оңтүстік-шығысындағы құдық. Ол Маңғыстау облысының Маңғыстау ауданында орналасқан. Теңіз деңгейінен 150 м биіктікте жатыр. Тереңдігі – 21 м, су шығыны – 500 л/сағ. Қазбасқазғанның тарихи маңызы да болуы мүмкін, жергілікті аңыздармен, фольклормен немесе қазақ халқының қоныстану заңдылықтарымен байланысты. Құдық өмірлік маңызды ресурс болғаны ғана емес, сонымен қатар Маңғыстаудағы жер, су және мәдени бірегейлік арасындағы терең байланыстарды бейнелейтін уәжімен де ерекшеленеді. Құдық атауы құдықты қазған адамға қатысты болуы да мүмкін. Сондай-ақ «қазық басынан қазған» деген уәждемесі болуы мүмкін. Бұнымен қоса, «қаз-қаз басып тереңге бойлай қазылған» болуы да мүмкін.

Қарақозы – Маңғыстау облысының батыс үстірт кемерінің шығыс бөлігіндегі құдық. Сайөтес ауылының солтүстігінде 25 км жерде Қарнау қонысы маңында орналасқан. Теңіз деңгейінен 190 м биіктікте жатыр. Тереңдігі – 10 м, су шығымы – 110 л/сағ. «Қарақозы» атауының құрамдас бөліктері: қара – түс және қозы – қой төлі. Құдық атауы жергілікті жердегі табиғаттың ерекшелігіне немесе осы аймақтағы мал бағу тәжірибесіне қатысты Қарақозы берілген. Қарақозы құдығы Қарнау және Сайөтес сияқты елді мекендерге жақын орналасуы оның жергілікті халық үшін тарихи маңызы бар екенін көрсетеді. Демек, құдық халық тығыз шоғырланған жерде орналасқан. Құдық тек су көзі ретінде ғана емес, сонымен қатар бағыт-бағдар (навигация) үшін және осы аймақта жайылатын төрт түліктің тірек нүктесі ретінде де қызмет еткен. Сол себепті құдық халық жадында терең сақталып, жергілікті мәдениеттің нышанына айналған.

Сартай құдығы – Маңғыстау облысы Қаратөрткүл ауылындағы терең құдық. Есімі елге белгілі құдықты Бегей Сартай құрметіне қойылған. Құдықтың тереңдігі 2 метр болғанымен, құдық өте тар. Бұл – ең аузы тар құдық ретінде танылған. Сондықтан құдықты қыстан кейін тазалау өте қиынға соққан. Құдықты тазалаушыға арнап құдық басына там салынған. Сол тамды Сартай зияраты деп атаған.

Басар-Түрке құдығы – Маңғыстау облысындағы тарихи оқиғасымен ерекшеленген құдық. XIX ғасырда Басар байдың өтінішімен бәйбішесіне арнап құдық қаздырған. Басар байдың әйелінің аты – Түрке. Байдың әйеліне деген махаббаты ел аузында аңызға айналған. Осыған орай құдық атауы екі ғашықтың құрметіне «Басар-Түрке» құдығы аталған.

Қорытынды

Маңғыстаудағы құдық атаулары аймақтың тарихы, мәдениеті және халқының құндылықтары туралы түсінік беретін бірегей лингвистикалық нысан ретінде қызмет ететіні сөзсіз. Құдық атауларының Маңғыстау тарихын танытушы қызметі айқын көрінді:

1. Тарихи маңызы – құдық атаулары маңызды оқиғаларды, жеке тұлғаларды немесе аймақта із қалдырған нысандарды танытады. Мысалы, көрнекті қайраткерлердің немесе көшбасшылардың, аты аңызға айналған саяхатшылардың немесе тарихи рулардың атымен аталуы.

2. Географиялық және табиғи сипаттамалар – құдық атаулары географиялық ландшафты туралы білім береді: өсімдіктер, жануарлар немесе жер бедерінің түсі мен құрылымы сияқты табиғи ерекшеліктер атаудың мағынасынан айқындалады. Атаудың мағынасы сондай-ақ құдықтың алғаш пайдаланған кездегі тарихи оқиғасынан дерек береді.

3. Рухани және мәдени құндылықтар – құдық атауларында кейде рухани немесе діни уәж

болады. Жергілікті халықтың наным-сенімдері мен мәдени ерекшеліктерін көрсететін коннотациялар, қасиетті жерлерге сілтеме жасалған атаулар құдықтардың тек су көздері ретінде ғана емес, сонымен қатар рухани маңызы бар немесе ғұрыптық мақсаттағы орындар ретінде де қызмет еткенін көрсетеді.

4. Практикалық ақпарат. Кейбір құдық атаулары судың сапасына, оның минералды құрамына қатысты уәжделеді. «Тұз» немесе «ашы» деген сөздерді қамтитын атаулар бұл құдық суының белгілі бір минералды қасиеттерге ие болуы мүмкін екенін көрсетеді, ал тазалыққа немесе молшылыққа байланысты атаулар тұщы су көздері бар құдық екенін көрсетуі мүмкін.

Құдық топонимдері лингвогеографиялық бірлік ретінде қызмет ете алады және белгілі бір ареалды аймақтың тілін зерттеуде негізгі нысан көзі бола алады. Құдық атаулары арқылы жергілікті халықтың көші-қон тарихын, мәдени өзара әрекеттесуін, тіпті ғасырлар бойғы қалыптасқан сол жердің экологиясын анықтауға болады.

Әдебиеттер

- Борлыкова Б., Меняев Б. К вопросу изучения ойратских гидронимов бассейна реки Или // Вопросы ономастики. 2022. – Т. 19. – № 2. – С. 104-126.
- Голубева Е.В. Колодец как сакральный пространственный локус // Молодой ученый, 2009. – № 10 (10). – С. 222-225.
- Жанұзақ Т. Қазақ ономастикасы. Атаулар сыры. – Алматы: Дайк-Пресс, 2007. – 524 б.
- Қартаева Т. Құдық көрсен шегенде // «Қазақ әдебиеті» газеті. – Алматы, 10.05.2020.
- Қондыбаев С. Маңғыстау географиясы. – Алматы, 1997. – 135 б.
- Қондыбай С. Толық шығармалар жинағы. 13 том. – Алматы, 2010. – 324 б.
- Маңғыстау облысы сакралды тарихи-мәдени нысандарының интерактивті картасы. Электронды ресурс. <https://mangystau.inmap.kz/>
- Маңғыстау энциклопедиясы. – Алматы, 2008. – 630 б.
- Мурзаев Э.М. Словарь географических терминов. – Москва: Мысль, 1984. – 634 с.
- Нұрдаулетова Б. Маңғыстау топоареалындағы діни топонимдер // Еуразиялық гуманитарлық институт хабаршысы. – №2. – 2024. – Б. 59-66.
- Севортян Э. Этимологический словарь тюркских языков: Общетюркские и межтюркские основы на букву «Б». – Том 2. – Москва: Языки русской культуры, 1978. – 546 с.
- Burgos, A. The Ancient Wells of North Africa: An Archaeological Perspective. – Mediterranean Archaeology and History, 2017. – 57 p.
- Doerfer, G. Etymologisch-ethnologisches Wörterbuch tungusischer Dialekte (Vornehmlich der Mandschurei). Olms, Hildesheim u.a. – 2004. – 367 p.
- Frye, R. The Heritage of Central Asia: From Antiquity to the Turkish Expansion – Princeton: Markus Wiener Publishers, 1996. – 536 p.
- Herzfeld, E. The Persian Empire: Studies in Geography and Ethnography of the Ancient Near East. Michigan, 2008. – 392 p.
- Ingram, T. Water Sources in the Arabian Desert and Their Influence on Trade Routes // Middle Eastern Historical Studies, 2020. – P. 81-99.
- Kogan, L. Semitic Toponymy: Ancient Wells and Linguistic Heritage, Semitic Languages and Cultures, 2016. – 285 p.
- McReynolds, M. The Role of Water Sources in Middle Eastern Toponymy and Settlement Patterns. Journal of Cultural Geography, 2019. – P. 56-78.
- O'Reilly, Jessica H. The technocratic Antarctic: an ethnography of scientific expertise and environmental governance. Cornell University Press, 2017. – 208 p.
- Pelliot, P. Notes sur l'histoire de la route de la soie. Année 2008. – P. 1273-1282.
- Stein, M. Ancient Khotan: Detailed Report of Archaeological Explorations in Chinese Turkestan. Oxford, Clarendon Press, 1907. – 621 p.
- Thomas, D.E. Wells and Settlement Stability in the African Desert Landscape // African Studies Review, 2018. – Issue 7. – P. 39-56.

References

- Borlykova, B., Menjaev, B. (2022) K voprosu izuchenija ojratskih gidronimov bassejna reki Ili. Voprosy onomastiki. 2022. T. 19. № 2. S. 104-126. [Borlykova B., Menyayev B. (2022) On the issue of studying the Oirat hydronyms of the Ili river basin. Problems of Onomastics. T. 19. № 2. P. 104-126] (in Russian)
- Burgos, A. (2017) The Ancient Wells of North Africa: An Archaeological Perspective. Mediterranean Archaeology and History. 57 p.

- Doerfer, G. (2004) Etymologisch-ethnologisches Wörterbuch tungusischer Dialekte (Vornehmlich der Mandschurei). Olms, Hildesheim. 367 p. (in German)
- Frye, R. (1996) The Heritage of Central Asia: From Antiquity to the Turkish Expansion. Princeton: Markus Wiener Publishers. 536 p.
- Golubeva, E.V. (2009) Kolodec kak sakral'nyj prostranstvennyj lokus. Molodoj uchenyj. № 10 (10). S. 222-225. [Golubeva, E.V. (2009) Wells as a sacred spatial locus. Young scientist. № 10 (10). P. 222-225] (in Russian)
- Herzfeld, E. (2008) The Persian Empire: Studies in Geography and Ethnography of the Ancient Near East. Michigan. 392 p.
- Ingram, T. (2020) Water Sources in the Arabian Desert and Their Influence on Trade Routes. Middle Eastern Historical Studies. P. 81-99
- Interactive map of sacral historical and cultural sites of Mangystau region. Electronic resource. <https://mangystau.inmap.kz/>
- Kogan, L. (2016) Semitic Toponymy: Ancient Wells and Linguistic Heritage. Semitic Languages and Cultures. 285 p.
- Mangystau jenciklopedijasy (2008). Almaty. 630 b. [Encyclopedia of Mangystau (2008). Almaty. 630 p.] (in Kazakh)
- McReynolds, M. (2019) The Role of Water Sources in Middle Eastern Toponymy and Settlement Patterns. Journal of Cultural Geography. P. 56-78.
- Murzaev, E.M. (1984) Slovar' geograficheskikh terminov. Moskva: Mysl'. 634 s. [Murzayev, E.M. (1984) Dictionary of geographical terms. Moscow: Mysl'. 634 p.] (in Russian)
- Nurdauletova, B. (2024) Mangystau topoarealyndagy dini toponimder. Eurazijalyq humanitarlyq institut habarshysy №2. B. 59-66. [Nurdauletova, B. (2024) Religious toponyms in Mangystau topoarea. Informer of the Eurasian Institute of Humanities. №2. P. 59-66] (in Kazakh)
- O'Reilly, Jessica H. (2017) The technocratic Antarctic: an ethnography of scientific expertise and environmental governance. Cornell University Press. 208 p.
- Pelliot, P. (2008) Notes sur l'histoire de la route de la soie. Année. P. 1273-1282 (in French)
- Qartaeva, T. (2009) Qudyq korseng shegende. Qazaq adebiyati gazeti. Almaty, 10.05.2020. [Kartayeva, T. (2009) If you see a well. Kazakh adebiyati. Almaty. 10.05.2020] (in Kazakh)
- Qondybaev, S. (1997) Mangystau geografijasy. Almaty. 135 b. [Kondybayev, S. (1997) Geography of Mangistau. Almaty, 135 p.] (in Kazakh)
- Qondybaev, S. (2010) Tolyq shygarmalar zhinagy. 13 tom. Almaty. 324 b. [Kondybaev, S. (2010) Complete collection of works. Volume 13. Almaty. 324 p.] (in Kazakh)
- Sevortjan, E. (1978) Jetimologicheskij slovar' tjurkskikh jazykov: Obshchetjurkskie i mezhtjurkskie osnovy na bukvu «B». Tom 2. Moskva. Jazyki russkoj kultury. 546 s. [Sevortyan, E. (1978) Etymological dictionary of Turkic languages: Common Turkic and inter-Turkic bases with the letter "B". Volume 2. Moscow Languages of Russian culture. 546 p.] (in Russian)
- Stein, M. (1907) Ancient Khotan: Detailed Report of Archaeological Explorations in Chinese Turkestan. Oxford, Clarendon Press. 621 p.
- Thomas, D.E. (2018) Wells and Settlement Stability in the African Desert Landscape. African Studies Review. P. 39-56.
- Zhanuzaq, T. (2007) Qazaq onomastikasy. Ataular syry. Almaty: Dajk-Press. 524 b. [Zhanuzak, T. (2007) Kazakh onomastics. The secret of names. Almaty: Dyke-Press. 524 p.] (in Kazakh)

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article.

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 12.11.2024

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 21.12.2024

© Әмірбекова А.Б., Нұрдаулетова Б.І., Аскерова С.В., 2024

© А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2024